

«Жол картасы» бойынша 2024-2027 оқу жылдарға арналған іс-шаралар жоспары.

Мектебімізде жетекші мектеп педагогтарының білімін тереңдетуге, жетілдіруге бағыттау, әдістемелік тұрғыда қолдану көсету, кәсіби дамуына ықпал ететін қызметті жүзеге асыру мақсатында жоспарға сай 2024 оқу жылының 17 мамыр күні «Даналық мектебі» халқымыздың сан ғасырлық мәдени жәдігерлері мен ұлттық құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру мақсатында «Аналар клубы» ашылды. Клубтың мақсаты - Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау, қыз балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұлттық салт-дәстүрді бойына сіңіру және мектебіміздегі аналарды белсенді түрде мектеп өміріне қатыстырып, байланысын нығайту. Аналар клубына 5,6,7 сыныптың аналары өте белсенді қатысты. Сонымен қатар жетекші мектеп ретінде, мектебімізге «Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ –нің құрамы он анадан тұратын «Жеңгелер клубын» шақырып, дөңгелек үстел ұйымдастырылып, отбасындағы құндылықтар, ұлттық салт-дәстүр, соның ішінде қыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударылып, қыз баланы еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу, бүгінгі қыз ертеңгі болашақ ана екендігі туралы айтылып тақырыпқа сай сұрақ-жауап алмастық тәжірибемізбен бөлісіп, кеш соңында шағын мерекелік концерпен жақсы көңіл- күйде аяқтадық.

<https://www.instagram.com/p/C7GSzOBtdYS/?igsh=MWRscXRrcm44bWJ3OA==>

<https://www.instagram.com/p/C7GTuwntl6Y/?igsh=MWRyOW5tbm11aHNybA==>